ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 01 желтоқсан №3514-23-00-2/6111 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья А.М.Машрап құрамында,
оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SERVICE GROUP EURASIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Апаттар медицинасы орталығы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «SERVICE GROUP EURASIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

«SERVICE GROUP EURASIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«SERVICE GROUP EURASIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 8 750 (сегіз мың жетіз жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«SERVICE GROUP EURASIA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 988 (одна тысяча девятьсот восемьдесят восемь) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **А.Машрап**

Құжатқа қол қойылған: Машрап А. М., 03.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.01.2024, судья Машрап А. М., 15.01.2024

3514-23-3-1/6490